

ОРИЕНТАЛИЗМ

АҚШ және араб-израиль шиеленісі:
Саидтің көзқарасы. АҚШ
ориентализмі



Мақсаты: Ориентализмнің АҚШ билігі жүйесіндегі көрінісінің ерекшеліктерімен танысу.

Біз кіріспе дәрісте және одан кейін де Саидтің «Ориентализм» еңбегінің жазылуына 1948 жылы Израиль мемлекетінің құрылуы және онымен байланысты кейінгі оқиғалар тікелей әсер еткенін айтқан болатынбыз. Ол оқиғалар – араб-израиль шиеленісінің ең өткір және одан бергі жетпіс жыл бойы шешілмей келе жатқан проблемасы – босқындар проблемасы. Саид бұл жерде аталған шиеленістің Палестинаның еврейлерден басқа тұрғындарына, яғни арабтарға тек әскери ғана емес, сонымен бірге ауыр психологиялық дағдарыс әкелгені еске алына бермейтініне назар аудартады. Ал ол дағдарыстың зардабын іс жүзінде палестиндіктердің бірнеше ұрпағы күні бүгінге дейін тартып келеді дейді.

Саид осы «Ориентализм» және одан да басқа еңбектерінде 1948 жылғы тәуелсіздік жолындағы күрестің еврей халқына жеке мемлекет құру тұрғысынан ғана емес сонымен бірге оның өзін-өзі тану (self-identification), өзіне-өзі сәйкестігі тұрғысынан да әсер еткені жайлы жазды.

Өзінің өмірбаянында Саид өмірінің көп бөлігінде өзін «қуғындалушы», «жат жерлік», «бейшара, міскін» сезінгенін жазады. Ал оның шығармашылығын зерттеушілер оның дәл осы жағдайы, яғни жат жердегі өмірі оның осы кітаптан көрініс тапқан стилінің, сөз қолданыстарының, жалпы басқалардан бөлек қолтаңбасының қалыптасуына әкелді деген пікір айтады. Ал оның тілін тек онымен бірдей күй кешкен, басына дәл сондай күн туғандар ғана түсінеді дейді. Егер біз бұл пікірмен келісетін болсақ, онда Саидтің «Ориентализм» еңбегін палестиндік босқындар мен сионистік режимнен қорлық көргендерден басқа ешкім түсінбейтін болып шығады.

Ал біз, керісінше, бұл кітапты ориентализм идеясына қызығушы кез келген адам түсіне алады және онда көтерілген проблемаларды тек түсініп қана қоймай ол жөнінде енді өзінің көзқарасын да білдіре алады және білдіруі тиіс деп санаймыз. Ол үшін бізге өз еліміз тарапынан осындай мүмкіндік беріліп отыр. «Ориентализмді» біз қазақ тіліндегі аудармасы арқылы оқып, қазақ тілінде дәрістер өтіп жатырмыз. Ал бұл істің мақсаты – ол болашақ жас шығыстанушыларға ғана емес, жалпы гуманитарлық саладағы ізденушілерге Саидтің осы кітаптағы ориентализм концепциясы бойынша білім беріп қана қоймай, ол жөнінде көзқарас қалыптастыру, пікір алмасу және оны болашақ кәсіби қызметінде пайдалану.

«Ориентализм» еңбегінде Саид Батыста алдымен түрлі стереотиптер арқылы «Шығыс» ұғымының өзі жасалды, ал одан кейін оның сол ұғымға сәйкестігі жайлы көзқарас қалыптасты дей келе мұның барлығы Батыстың Шығысқа экспансиялық, гегемондық мүддесіне қызмет еткенін атады.

Біз бүгін АҚШ-тың Палестина проблемасына және оған қатысты ұстанған саясатына қатысты Саидтің көзқарасымен танысамыз және осы кітаптың оның өзінің өмірбаяны мен көзқарастарына қай дәрежеде әсер еткенін қарастырамыз.

Саидтің «Ориентализм» еңбегі жайлы сөз қозғағанда бұл еңбекте автордың өзінің басынан өткен оқиғалар мен оның өзіне тұлға, маман ретінде қалыптасуына әсер еткен жағдайлардың көрініс тапқанын да айту қажет. Бұл кітапта Саид алғаш рет «иелік ету, меншік құқығынан айыруды қалау» деген ұғымды енгізді және көптеген батыс авторларын олар өздерінің зерттеулерінде «Палестина халқының өзінің Отанын иелену құқығын жоюға асқан шеберлікпен күш салды» деп айыптады.

Саид басқа елдер мен халықтарды «меншікке иелік ету» құқығынан айыру саясатын АҚШ және Израиль сияқты мемлекеттер қатар жүргізді дейді.

Оның еңбектерінде Палестина халқын меншікке иелік ету құқығынан айырудың екі қыры – физикалық және рухани жағы болғаны аталды.

Ұзақ жылдар бойы Израиль жүргізіп отырған осы саясатты АҚШ-тың белсенді түрде қолдайтынына ол бейжай қарай алмады, себебі, Америка оның екінші Отаны болды.

Эдвард Саид бұл елге үнемі үлкен құрметпен қарады, себебі Америка оның өзін-өзі тануына және өзін басқаларға танытуына айтарлықтай ықпал еткен орта. Дегенмен оның мұндай көзқарасы бұл мемлекеттің соңғы уақытта жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатын өткір сынауына кедергі бола алған жоқ.



АҚШ президенті Дж. Буштың 2002 жылдың 24 маусымында жасаған «Таяу Шығыс жағдайы жайлы әлемге Жолдауын» Саид қатты сынға алды және оны «Палестина халқы жайлы шатасқан ойдың, бос сөздің, расистік және ақыл үйреткіш насихаттың жеркенішті топтамасы» деп бағалады. Буштың президенттік сайлауда өте күдікті жолмен жеңіп шыққанын айта келіп, ол оның Техаста губернатор болып тұрған кезде жемқорлық шегінен шығып, өлім жазасы жүзеге асырылғанын еске салды. Саид биік мансапқа, байлыққа ұмтылған осындай адамның Палестина халқының жан айқайын түсіне алатынына, оны қорғайтынына өзінің сенбейтінін ашық айтты. Мұнымен қоса Саид «Колин Пауэлл, Доналд Рамсфелд және Кондалина Райс сияқты белгілі саясаткерлердің алдында Буш әзер-әзер, кібіртіктеп тұрып израильдіктердің палестиндіктерді өлтіруге құқы бар екенін іс жүзінде бекітіп берді» деп әшкереледі. Өзінің соңғы жылдары жазған мақалаларында Саид «Америка Құрама Штаттарында үнемі байқалып жүрген, ал қыркүйек оқиғасынан кейін күшейіп кеткен америкалық империяның өркөкіректігіне» жиі сын айтты.

Батыс мемлекеттерінің Палестина халқының атына айтылған аса өткір және ашулы сынына қарамастан Саид ешқашан оларды ешуақытта жалаң жала жауып немесе оларды бос сөзбен кемсіткен емес. Оның кейбір проблемаларды талқылаудағы бар қызбалығы – ол өзіне «жоғарыдан» қарайтындарға төзе алмайтын, әрі басқалардың басына туған қиындыққа бейғам қарай алмайтын адамның ғана қызбалығы еді. Ал бұл жердегі «басқалар» деп отырғанымыз – ол өзінің туған халқы.

Терроризмге қатысты мәселе көтергенде Саид Америка әкімшілігінің саясаты мен Израильдің талаптарының арасында нақты байланыстың бар екенін ашып көрсетеді. Олардың екеуі де Палестина территориясын әлемдік терроризмнің ошағы деп, ал палестиндіктердің өзін бірі қалмай шеттерінен террорист деп танытуды көздейтінін өткір сынады. АҚШ пен Израиль үшін «терроризмді жою» – ол Палестинаның Ұлттық әкімшілігін жою болып саналады дейді.

Саидтің пайымдауынша арабтардың, соның ішінде палестиндіктер мен АҚШ-тың көпжылдық қарым-қатынасы соңғы уақытта «іс жүзінде Джордж Буштың әкімшілігі тұсында қоқыс жәшігіне лақтырылды».

Саид қазіргі заманғы араб елдерінің саясаты айтарлықтай өзгеріп, 180 градусқа бұрылғанына қарамастан, бұл оларға алдын ала күткендей жағымды нәтиже бермеді деп санайды. АҚШ Таяу Шығысқа тек арзан мұнай қорының көзі деп қарағандықтан оларға қатысты біржақты көзқарасын еш өзгерткен жоқ, ал оның Израильді кез келген жолмен қорғауға тырысуының себебін оның өзінің жеке мүддесімен түсіндіреді. АҚШ үшін Израиль – оның Таяу Шығыс аймағында жүргізетін саясатындағы табысқа жетудің кепілі.

Саид Батыс пен Америка әкімшілігін сынағанда ХХ ғасырдың сексенінші жылдарының басында араб әлемінің түгелге жуық елдерінің іс жүзінде Израильмен бейбіт келісімге келуге дайын болғанына назар аудартады.

Араб мемлекеттерінің басшылары осындай келісім арқылы АҚШ тарапынан сенім мен лайықты қарым-қатынасқа жетуге болады деп санағаны рас. Алайда араб елдерінің арасындағы ынтымақтастық, бірауыздылық 1973 жылғы соғыс пен мұнай эмбаргосынан кейін, әсіресе, араб мемлекеттерінің өзінің арасындағы «қырғиқабақ соғысқа» байланысты ауаға ұшып кеткендей болды. Бұл жөнінде Саид былай дейді:

«Ливан, Кувейт сияқты шағын мемлекеттер күрес алаңына айналып кетті, бірақ бұған қарамастан араб әлемінің көптеген басшылары АҚШ-тың саясатына бас шұлғып отырды. «Қырғиқабақ соғыс» пен Парсы Шығанағындағы алғашқы соғыстан кейін АҚШ олар үшін жалғыз супердержава болып қалды. Араб әлемімен жоғары деңгейдегі кездесулер барысында жасалған ұсыныстарға АҚШ тарапынан еш назар аударылған жоқ, назар аударылса да тек оларды жақтырмайтынын танытты. Оның үстіне Американың ресми өкілдері араб мемлекеттерінің басым көпшілігінің лидерлері АҚШ пен екіжақты қарым-қатынасты қолдауға мұқтаж екенін дер кезінде сезе қойды. Араб лидерлері АҚШ мен мұндай қарым-қатынастарды өз режимдерінің қауіпсіздігінің кепілі деп түсінді». Осыны айта келіп Саид тағы да «қазіргі палестиндіктер өздерінің басындағы жағдайға «арабтарды» кінәлі деп санайтыны таңданыс тудырмайды» дейді.

Араб-израиль шиеленісі – Саид шығармашылығының тұрақты және өзекті тақырыптарының бірі. Ол үнемі өзінің мақалалары, сұхбаттары, түрлі кездесулер мен жиындардығы



баяндамалары арқылы Палестина босқындарының өз территориясына қайту құқығын қорғаумен болды. Таяу Шығыс шиеленісінің туындау себептеріне назар аударта отырып, Саид Палестина халқының өзгенің емес, өзінің территориясы ұшын күресіп жүргенін, ал Израильдің сол босқындарды өз меншігіне иелік ету құқынан айырғанын және оның бір емес бірнеше ұрпақтың басында мұндай ауыр жағдай тудырса да жауапкершіліктен бас тартып кеткені үшін қатаң айыптады.

Мұнымен қоса Саид Израиль үкіметінің Палестина халқына қатысты жүргізіп отырған саясаты мақсатты саясат екеніне ерекше назар аудартты. Ал ол саясат осы шиеленістің себебі болып отырған аумақтағы палестиндіктердің тарихи ізін толықтай жойып жіберуге бағытталған саясат болатын және қазір де солай. Осының нақты мысалы ретінде Саид Израиль мектептерінде оқытылатын «Израиль тарихы» пәнінің мазмұнында Палестинаның, яғни территорияның тарихы тек осы Израиль мемлекетінің тарихы болып түсіндірілетінін келтіреді.

Саид бұл жөнінде былай дейді: «Бұл осы аймақтың тарихынан хабары аз және оны алғаш рет осы курс бойынша оқуға шешім қабылдаған адамның ойында расында да аздаған бәдәуилер, яғни көшпелі тайпалардан басқа ешбір араб бұл аймақта ешқашан қоныс етпеген деген берік пікірді оп-оңай қалыптастырады», – дейді. Палестина халқын емес, ол жайлы мәліметтің өзін жер бетінен біржола жойып жіберуді көздейтін осы тәрізді ұмтылыстар мен әрекеттер үнемі Саид пен оның жақтастарының ашуын тудырып отырды. Ал Саид оларды әшкерелеп, қатаң сынау арқылы палестиндіктердің құқығы үшін күресуден еш жалықпады.

Бұл жөнінде Палестинаның атақты ақыны Махмуд Даруиш былай деп жазды: «Саид әлемнің жаңа тәртіп жүйесіне қарсы тұрудан ешқашан шаршамады, үнемі әділеттікті, гуманизмді және мәдениеттер мен өркениеттердің арасында жақын байланыс орнатуды жақтаумен болды. Егер кез келген палестиндіктен оның кімді мақтан тұтатынын сұрасаңыз, ол Сізге міндетті түрде еш ойланбастан «Эдвард Саидті мақтан етемін» деп жауап береді. Палестина топырағында мұндай адам ешқашан туған жоқ, оның бір ғана бойында әдеби сыншының, музыканттың, қоғам қайраткерінің талантымен қатар тамаша жеке адами қасиеттер керемет үйлескен».

Ал белгілі Мысыр журналисі, саясаткер, жазушы Мұхаммад Сид-Ахмед Саидті «универсал палестиндік» деп атады.

Мұсылман мемлекетінде христиан отбасында дүниеге келген Саид үнемі діни сенім бостандығы мен әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруін жақтады. Саид қазіргі заманғы жағдайда, әсіресе қыркүйек оқиғасынан кейін БАҚ мен Батыстың ресми өкілдері тарапынан исламды оған жабылатын түрлі жалалардан қорғауын өмірінің соңына дейін жалғастыра берді.

Саидтің жеке тұлғасына қатысты тағы бір мәлімет. Әдетте еврейлермен байланыс жасаудан үзілді кесілді бас тартатын кейбір палестиндіктерден Саидтің үлкен айырмашылығы – ол еврей диаспорасының ең көрнекі өкілдері Наум Чомский және Даниэл Баренбойммен жақын қарым-қатынаста болды. Тіпті Баренбойммен бірігіп Саид «Батыс-Шығыс диуаны» аталатын топ құрды, онда израильдік және араб музыканттарының бірігуіне мүмкіндік тудыруды мақсат етті.

Саид үшін Палестина халқының басындағы ауыр хал мен еврей халқының қиындығы және Холокоста қайғысы бір дәрежеде түсінікті және бірдей күрделі болды. Олардың әрқайсысының жағдайын олардың өздеріндей түсінді. Олардың шешімін іздеумен болды.

Көптеген арабтар Саидтің осындай әрекетін, мысалы еврейлердің тарихы мен мәдениетіне көңіл бөлуін сатқындық деп қабылдады. Олар осы әрекеті арқылы Саид ғалым ретінде, өз беделімен арабтардың басындағы ауыр халді жеңілдетіп көрсеткісі келеді деп түсінді.

Саидтің екі халықтың да тарихын терең зерттеу арқылы араб-израиль шиеленісінің ұзақ жылдар бойы күтілген шешімін іздеуге ұмтылысын арабтар дұрыс түсіне алмады.

Саидтің Палестина дағдарысына көзқарасы жайлы сөз қозғағанда оның араб-израиль келіссөздерінің әр кезеңінде, атап айтқанда Осло келіссөздерінде қол жеткізілген келісімдердің біразына түпкілікті қарсы болғанына назар салу керек. Саидтің пайымдауынша олар әділетті бейбіт өмір орнатуға ешқандай нақты мүмкіндік бере алмайды.

Мұнымен қатар Саид Палестина билігінде жемқорлықты дәлелдейтін жағдайлардың да жиілеп кеткенін қынжыла көрсетті және бұл құрылымда жедел түрде реформа жүргізудің қажеттігін айтты. Палестина халқының күнделікті өміріне айналып кеткен проблемалардың күрделілігіне қарамастан ол сол халықтың болашағына үнемі зор үмітпен қарады және бұл



дағдарыс оң шешімін табады деп сенді. Ол адамның интеллектуалды жұмысында оптимизм болмаса, ол жұмыстың ешқандай мәні жоқ деп санады. Ол бұл жөнінде былай деді: «саяси және интеллектуалды жұмысқа оптимизм ауадай қажет» және осы айтқанын өзі тәжірибе жүзінде көрсетті.

Саидтің еңбектері Израильдің өзі мен оның жақтастары тарапынан үнемі сынға алынды, Палестина халқының құқығын табанды түрде талап еткені үшін оны қарсыластары «терроризмнің профессоры» деп атады.

Саид Батыс Бұқаралық ақпарат құралдарының араб-израиль қақтығысы, Ирак соғысы бойынша таратқан хабарларына үнемі сыни көзбен қарады. Сын айтты және баспасөзде жазды.

Эдвард Саид пен БАҚ арасында орнаған осындай күрделі жағдайға қарамастан көптеген БАҚ Эдвард Саидтің қайтыс болуы жайлы хабарды ести салысымен бірден таратты. Ливандық «Ан-Наһар» басылымы «Эдвард Саидтің өлімінен кейін Палестинаның қаншалықты жетім күйге түскенін біз сезіне аламыз ба?» десе, «Ас-Сафар» газеті «Саид Палестина проблемасын америкалық интеллигенция дискуссиясының басты тақырыбы етіп көтере алды» деп жазды. Ал осы газеттің Вашингтондық тілшісі Хешам Мелхем «Саидтің палестиндіктердің талап-тілектерін, бостандық үшін күресін және әділеттілікті жаһандық құбылысқа айналдыра алатын ерекше қабілеті болды. Америкалық интеллигенцияны қоршауда қалған халықтың жағдайын түсінуге мәжбүр етті» деп мәлімдеді.

Мұның барлығынан біз Саидтің өмірде әртүрлі өркениеттер, әртүрлі елдер, әртүрлі халықтар, құбылыстар мен пәндердің арасындағы байланысты көре алатын және орната алатын сирек қабілетке ие аз ғана адамдардың бірі болғанын көреміз.

Саид Батыс пен АҚШ-тың мәдени гегемониясы мен идеологиясын, Израильдің арандату саясатын, арабтардың жемқорлығы мен ұлттық ауызбіршілігінің жоқтығын сынағанда Батыс пен Шығысты бір-біріне қарсы қоюды, немесе олардың бірін екіншісінен кем, я жоғары қоюды көздеген жоқ, керісінше олардың назарын осы қордаланып кеткен проблемаларға аударуды, оларды барынша әділетті шешу жолын іздестіруді мақсат етті. Ол ислам діні мен христиан діні өкілдерін бір-біріне жау санаған жоқ, керісінше оларды өздерінің арасында туындап отырған проблемаларды сол діндердің әрқайсысының ішкі әлеуеті мен негізгі қағидаттары арқылы шешуді ұсынды. Себебі ол өзінің ұлттық (араб) немесе мемлекеттік (Палестина, АҚШ) мүддесінен бұрын алдымен «Азаматтық» позициясын жоғары қойды.

Бұл оның расында «универсал палестиндік» екенінің дәлелі.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Саид енгізген «иелік ету, меншік құқығынан айыруды қалау» ұғымының мәні қандай?
2. АҚШ ориентализмі дегенді қалай түсінесіз? Оның ерекшелігі қандай? Қайда көрініс табады?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Саидтің араб-израиль шиеленісіне көзқарасы жайлы баяндаңыз.
2. Саидтің АҚШ әкімшілігін неге сынағанын түсіндіріңіз.
3. Саидтың азаматтық позициясына өз пікіріңізді айтыңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://ru.wikipedia.org>.
4. <http://anthropology.ru>.